№4360-25-00-2/1710

ҰЙҒАРЫМ

2025 жылғы 21 тамыз Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:

судья Б.Е.Елшібековтың төрағалық етуімен,

хатшылықта А.Қ.Жақыпбектің отыруымен,

талап қоюшы өкілі Ә.Ә.Өскенбайдың қатысуымен,

ашық сот отырысында мобильді бейнеконференцбайланыс арқылы талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Нұрлы жол» мүгедектер қоғамдық бірлестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы электронды азаматтық істі қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі сотқа талап қоюмен жүгініп, жауапкер «Нұрлы жол» мүгедектер қоғамдық бірлестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Талап қоюдың тұрақсыздық айыбын өндіру бөлігі дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібі сақталмағандықтан қараусыз қалдырылды.

Сот отырысына жауапкер қатыспаса, талап қоюшы өкілі талап қоюда көрсетілген негізбен, яғни шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын енгізбегені үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрайтынын көрсетті.

Сот, іс материалдарын зерттеп, талап қоюшы өкілін тыңдап, азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқтатылуға жатады деп санайды.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі:

1) анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің;

2) жеңімпаз деп айқындалған, шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің;

3) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің;

4) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 8-бабының 5-тармағына сәйкес осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1), 3) және 4) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімін уәкілетті орган тапсырыс берушінің әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі негізінде қалыптастырады.

Заңның 17-бабының 5-тармағына сәйкес егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында белгіленген мерзімдерде тапсырыс берушіге қол қойылған шартты ұсынбаса немесе шартты жасасып, шартты орындауды қамтамасыз етуді және (немесе) демпингке қарсы соманы (бар болса) енгізбесе, онда мұндай әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған болып танылады.

Осыған байланысты жеңімпаз деп танылып, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап сот тәртібімен қаралуға жатпайды.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 277-бабының 1)-тармақшасына сәйкес сот, егер іс азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпаса, сот іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады.

Жоғарыдағылар негізінде АПК-нің 268, 269-баптарын, 277-бабының 1)-тармақшасын басшылыққа алып, сот

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Нұрлы жол» мүгедектер қоғамдық бірлестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою бойынша азаматтық іс жүргізу тоқтатылсын.

Тараптарға іс бойынша іс жүргізу тоқтатылған ретте сол тараптар арасындағы, сол мәселе туралы дау бойынша және сол негіздер бойынша екінші рет сотқа жүгінуге жол берілмейтіндігі түсіндірілсін.

Ұйғарымға наразы жақтармен ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына электронды не жазбаша құжат нысанында жеке шағым берілуі, прокурормен өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 28.08.2025

Судья Б. Елшібеков

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 28.08.2025